"Қазақстан Республикасының Нидерланды Корольдігіндегі Дипломатиялық миссиясын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 қарашадағы N 1092 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Нидерланды Корольдігіндегі Дипломатиялық миссиясын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасының Нидерланды Корольдігіндегі Дипломатиялық миссиясын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының Нидерланды Корольдігімен дипломатиялық қатынастарын нығайту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Нидерланды Корольдігіндегі Елшілігі етіп қайта құру жолымен Қазақстан Республикасының Нидерланды Корольдігіндегі Дипломатиялық миссиясы қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК